

5AB09 130 101 «МЕЙРБИКЕ ІСІНІҢ ҚОЛДАНБАЛЫ БАКАЛАВРЫ»
БІЛІКТІЛІГІМЕН 09 130 100 «МЕЙРБИКЕ ІСІ»

Нормативтік оқу мерзімі:

жалпы орта білім беру базасында 3 жыл 6 ай. (11 сынып)

ТЖКБ базасында 1 жыл 6 ай. (колледж дипломы)

Бакалаврлардың кәсіби қызметі халықтың денсаулығын сақтау мен қамтамасыз етуде және оның өмір сүру сапасын білікті мейрбике көмегін көрсету, халықпен профилактикалық жұмыс жүргізу, мейрбике персоналының жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету арқылы жақсарту болып табылады.



КЕШКІ ОҚЫТУ ФОРМАСЫ

4S09 130 103 «ЖАЛПЫ ПРАКТИКАДАҒЫ МЕЙРБИКЕ»
БІЛІКТІЛІГІМЕН 09 130 100 «МЕЙРБИКЕ ІСІ»

Нормативтік оқу мерзімі:

жалпы орта білім беру базасында 3 жыл 6 ай. (11 сынып)

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ



СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

Колледжде көптеген жылдар бойы студенттермен сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру және басқару жүйесі қалыптасты, оның негізі колледж әкімшілігінің жауапкершілігі, студенттік өзін-өзі басқару органдарының дәстүрлері мен тәжірибесі, сондай-ақ сабақтан тыс тәрбие қызметінің жаңа тиімді түрлерін үнемі іздеу болды.

ВОЛОНТЕРЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ



КҮНДІЗГІ ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕРДІҢ ЖАСЫНА ШЕК ҚОЙЫЛМАЙДЫ.

Кәмелеттік жасқа толмаған талапкерлер құжаттарды **тек заңды өкілімен** (ата-анасымен, қамқоршысымен, білім беру ұйымына құжаттарды тапсырған кезде мүддесін ұсынуға сенімхат бар тұлғамен) тапсырады. Оқу қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі, шетел тілдерінен оқушылар халықаралық қатынас құралы ретінде ағылшын тілін оқиды.

Күндізгі бөлімге:

ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ:

20 маусымнан 20 тамызға дейін

кешкі бөлімге:

20 маусымнан 20 қыркүйекке

ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

- Білімі туралы құжат (түпнұсқа мен көшірме);
- Жеке куәлігінің, төлқұжатының немесе туу туралы куәлігінің (9 сынып базасында) көшірмесі;
- Фотосурет (3x4), түрлі-түсті – 5 дана;
- “Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы” ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы бұйрығымен бекітілген №075-у нысаны бойынша медициналық анықтама (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы)
- “Психикалық денсаулық орталығы” ШЖҚ КМК анықтама (наркологтан және психиатрдан);
- “Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы” ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген № 088-У нысаны бойынша I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы.

МЕКЕНЖАЙ: 150013, Петропавл қаласы, Шухов к-сі, 42
АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНДАРЫ: 35-00-95
КОЛЛЕДЖ САЙТЫ: www.mksko.edu.kz
20.08.2019 жылғы № KZ25LAA00016823
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ:

"СҚО ӘКІМДІГІНІҢ ДСБ" КММ
“СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЖОҒАРЫ
МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖІ”
ШЖҚ КМК



ТАЛАПКЕР 2024



“БАРЛЫҚ ІЛІМНІҢ ІШІНДЕ МЕДИЦИНА,
СӨЗСІЗ, ЕҢ ИГІЛІКТІСІ”

ГИППОКРАТ

ПЕТРОПАВЛ Қ.




Медицина ісі – бұл күн сайын жаңаға үйренуге болатын сала
Флоренс Найтингейл

Өз қызметі кезеңінде Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында және одан шет жерлерде ойдағыдай еңбек ететін 22000-нан астам орта буын медицина мамандары даярланды. Медициналық колледжде тиісті материалдық-техникалық база, ақпараттық ресурстар бар.

Колледждің инфрақұрылымы 2 ғимараттан тұратын типтік ғимаратпен ұсынылған. Асхана, медициналық пункт жұмыс істейді. Дене шынықтыру сабақтары мен сауықтыру іс-шаралары типтік спорт залында, заманауи тренажерлармен жабдықталған тренажер залында өтеді, футбол алаңы бар.



Сапалы ақпараттық-білім беру ортасын қамтамасыз ету және оқу процесіне ақпараттық және симуляциялық технологияларды енгізу үшін колледж заманауи компьютерлік техникамен, интерактивті, заманауи симуляциялық жабдықтармен және манекендермен, медициналық тренажерлармен жабдықталған. Колледжде оқу процесінің бейне мониторингі жүйесі, орталықтандырылған дыбыстық ескерту жүйесі бар. 2019 жылдан бастап «SOVA» оқу процесін басқарудың ақпараттық жүйесі енгізілді. Студенттерге көмек ретінде кітапхана, оқу залы, конференц-зал бар. Кітапхананың кітап қоры қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиеттермен толық қамтамасыз етеді.



2017 жылы колледж халықаралық институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өтті. Халықаралық аккредиттеу – бұл іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасының көрсеткіші.

2019 жылы колледж «жоғары колледж» мәртебесін алды, осыған байланысты «Мейіргер ісі» мамандығының орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігі бойынша даярлауды жүзеге асырады.

Колледжде оқыту мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және шаруашылық шарт негізінде, қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Колледжде студенттердің өзін-өзі басқаруы бар. Орта медициналық кадрларды даярлауды кәсіби педагогикалық ұжым жүзеге асырады.

КОЛЛЕДЖ КЕЛЕСІ МАМАНДЫҚТАР МЕН БІЛІКТІЛІКТЕР БОЙЫНША ДАЙЫНДЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ:

4S091 120 101 «ФЕЛЬДШЕР» БІЛІКТІЛІГІМЕН 09120 100 «ЕМДЕУ ІСІ»

Нормативтік оқу мерзімі:

негізгі орта білім беру базасында 3 жыл 10 ай. (9 сынып)
жалпы орта білім беру базасында 2 жыл 10 ай. (11 сынып)

Түлектер кәсіптік қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

- науқасты қабылдау;
- диагноз қою және оларды емдеу;
- дәрігерге дейінгі жедел көмек көрсету, тәжірибелік манипуляциялық орындау;
- тұрғындар арасында аурудың алдын алу шараларын жүргізу және салауатты өмір салтын насихаттау.




4S09 130201 «АКУШЕРЛІК ІС» БІЛІКТІЛІГІМЕН 09130200 «АКУШЕР»

Нормативтік оқу мерзімі:

жалпы орта білім беру базасында 2 жыл 10 ай. (11 сынып)

Түлектер кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

- жүкті, босанатын әйелдерге емдеу-диагностикалық көмекті жүзеге асырады;
- асқынбаған босану кезінде медициналық көмек көрсетеді;
- кейбір акушерлік және гинекологиялық операциялар кезінде ассистент болады;
- бір жасқа дейінгі балалардың денсаулық жағдайы мен дамуын бақылайды;
- жүкті, босанған әйелдерге үйде патронаж жасау.



МЕДИЦИНА МАМАНДЫҒЫ ӘРҚАШАН ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА СҰРАНЫСҚА ИЕ!

4S09 130 103 «ЖАЛПЫ ПРАКТИКАДАҒЫ МЕЙІРБІКЕ» БІЛІКТІЛІГІМЕН 09 130100 «МЕЙІРБІКЕ ІСІ»

Нормативтік оқу мерзімі:

негізгі орта білім беру базасында 3 жыл 10 ай. (9 сынып)
жалпы орта білім беру базасында 2 жыл 10 ай. (11 сынып)

Түлектердің дайындық деңгейі емханаларда, МҰ бөлімшелерінде, балалар ауруханаларында, диагностикалық орталықтарда, мектепке дейінгі балалар мен мектеп мекемелерінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді.



- мейіргер процесінің барлық кезеңдерін, пациенттерге білікті күтімді жүзеге асыру;
- мейіргерлік манипуляцияларды орындау;
- дәрігерге дейінгі көмек көрсету;
- профилактикалық жұмыс жүргізу және салауатты өмір салтын насихаттау.

4S09 140 101 «МЕДИЦИНАЛЫҚ ЛАБОРАНТ» БІЛІКТІЛІГІМЕН 09 140 101 «ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА»

Нормативтік оқу мерзімі:

жалпы орта білім беру базасында 2 жыл 10 ай. (11 сынып)



Лаборант кәсіби қызметінің объектілері ересектер мен балалар, микроорганизмдер, тамақтану азық-түліктері, ауа, су, топырақ болып табылады. Олардың тәжірибелік қызметі жүзеге асырылатын мекемелер: емдеу, емдеу алдын алу және ветеринарлық мекемелер жанындағы диагностикалық орталықтар мен зертханалар; медициналық-биологиялық бейініндегі ғылыми-зерттеу институттары.

4S09 160 101 «ФАРМАЦЕВТ» БІЛІКТІЛІГІМЕН 09 160 100 «ФАРМАЦИЯ»

Нормативтік оқу мерзімі:

жалпы орта білім беру базасында 2 жыл 10 ай. (11 сынып)

Мамандар тұрғындарды уақытында дәрімен қамтамасыз ете алады. Кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

- дәрігердің рецептері бойынша дәрі түрлерін әзірлеу және оларды ресімдеу;
- дәрі түрлерінің талдауын өткізу;
- дәрілік өсімдік шикізатын дайындау.

